

Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент, мәслихаттар депутаттарының және жергілікті өзін өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауларын мемлекеттік қаржыландырудың Ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылық комитеті 1999 жылғы 14 маусым N 285. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті төрайымының 2005 жылғы 20 желтоқсандағы N 58 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті төрайымының 2005 жылғы 20 желтоқсандағы N 58 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

- 1. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің, Қазынашылық комитеті Төрайымының кейбір бұйрықтарының күшін жойылды деп танылсын.*
- 2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Бюджеттік есепті ұйымдастыру басқармасы қабылданған шешім туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне бір апта мерзімде хабарласын.*
- 3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

Төрайым

***Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і н і ң
Қ а з ы н а ш ы л ы қ к о м и т е т і Т ө р а й ы м ы н ы ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 58 бұйрығына қосымша***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің, Қазынашылық комитеті Төрайымының күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент, мәслихаттар депутаттарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауларын мемлекеттік қаржыландырудың Ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің 1999 жылғы 14 маусымдағы N 285 бұйрығы (

1. "Сайлауларды мемлекеттік қаржыландыру Ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 25 ақпандағы Қазынашылық департаментінің N 71 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент, мәслихаттар депутаттарының және жергілікті өзін өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауларын мемлекеттік қаржыландырудың Ережесіне ұсынылған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Төрайым

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Қазынашылық комитетінің
1999 жылғы 14 маусымдағы N 285

бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент, мәслихаттар депутаттарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауларын мемлекеттік қаржыландырудың Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар

К і р і с п е д е :

"Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Заң күші бар Жарлығымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Парламент депутаттары" деген сөздердің алдынан "партия тізімдері негізінде сайланатын Парламент Мәжіліс депутаттарынан қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

1, 3, 19, 24-тармақтардағы барлық септіктерде қолданылатын "Қазынашылық департаменті" деген сөздер ауыстырылатын сөздердің септігіне сәйкес "Қазынашылық комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

8 - т а р м а қ т а :

"Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 0 - т а р м а қ т а :

2, 3, 5-тармақшалардағы "кандидаттар" деген сөздерден кейін "партиялық тізім бойынша сайлауға түсетін кандидаттарды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық сайлау комиссиясы белгілейтін мөлшерде партия тізімі бойынша сайлауға түсетін кандидаттарды қоспағанда кандидаттардың көлік шығындары";

1 1 - т а р м а қ т а :

бірінші азатжолдағы "тиісті ерекшеліктер жөнінде белгіленген лимиттер шегінде" деген сөздер алынып тасталсын;

1 2 - т а р м а қ т а :

бірінші азатжолдағы "қазынашылық органдарымен" деген сөздер "Қазынашылық комитетімен, оның аумақтық органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Сайлау компанияларына бөлінген республикалық бюджет қаржысын кандидаттардың жұмсауына бақылау сайлау комиссияларының республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі Санақ комитетімен жүзеге асырылады." ;

19-тармақта барлық септікте қолданылатын "облыстық, Алматы қалалық қазынашылық басқармалары, Астана қаласы мен Ақмола облыстық қазынашылық басқармалары" деген сөздер ауыстырылатын сөздер септігіне сәйкес "Қазынашылықтың облыстық, Астана және Алматы қалалық басқармалары" деген сөздермен ауыстырылсын".